

## Тұтыну кооперациясы жүйесінде зергерлік бұйымдар сатуға рұқсат беру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 8 ақпан 1994 ж. N 1557. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.20. N 2374 Жарлығымен.

Село тұрғындарының зергерлік бұйымдарға деген қажеттілігін неғұрлым толығырақ қанағаттандыру мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы тұтыну кооперациясының ұйымдарына әмбебап дүкендер мен аудан орталықтарындағы және ірі елді мекендердегі дүкендердің арнаулы бөлімдерінде зергерлік бұйымдарды сатуға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Алтын қоры мен алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қосымша енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді, оның

Заң күші бар және ол "Алтын қоры мен алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қосымша енгізу туралы" тиісті Заң қабылданғанға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Алматы. 1994 жылғы 8 ақпан  
N 1557